

СӨЖ

Тақырыбы: Легионелла. Экология. Таралуы. Патогендігі. Иммунитет.
Лабораториялық диагностика. Профилактика мен емі.

Орындаған: Пазылбекова А.А

Курс:2

Факультет: ЖМ

Топ:16-02

Қабылдаған: Какимова А.Б

Алматы 2017


Жоспары:

- 1. Легионеллез
- 2. Экологиясы
- 3. Берілу механизмі
- 4. Патогенезі
- 5. Клиникалық көрінісі
- 6. Терапиясы
- 7. Дереккөздер

Легионеллез – қызбамен, айқын көрінетін жалпы интоксикациямен, ауыр ағыммен, өкпе, ОНЖ және асқорыту жүйесінің зақымдалуымен жүретін жедел инфекциялық ауру.




- **Этиологиясы:** қоздырғышы – *Legionella*, грамтеріс аэробты, қозғалғыш бактерия. Қазіргі кезде легионеллалардың 40 түрі белгілі, адамдарға 22 түрі патогенді болып саналады. Ең жиі кездесетін түрі – *L.pneumophila*. 18 серовары бар. *L.pneumophila* тірі клеткалық орталарда өсіріледі (тауық эмбрионы, теңіз шошқасы). Легионеллалар эндотоксин және жоғары әсер көрсететін экзотоксин бөледі. Қоздырғыш сыртқы ортаға төзімді: сұйық ортада 250-та 112 күн, 40С – 150 күн сақталады. 1% формалин ерітіндісі, 700 этил спирті, 0,002% фенол ерітіндісі әсерінен 1 минутта жойылады




Эпидемиологиясы: Легионеллалар негізінен топырақта және су қоймаларында болады. Адам инфекция көзі болып саналмайды.



- **Берілу механизмі** – ауа арқылы, адамға сулы аэрозольді жұтқанда жұғады. Ауа-шаң арқылы да жұғуы да мүмкін. Табиғи қабылдаушылық жоғары болады. Алкоголь қабылдау, шылым шегу, эндокринді бұзылыстар, өкпенің созылмалы аурулары инфекцияның тез дамуына әкеледі. Легионеллез экономикасы жоғары дамыған елдерде, психиатриялық стационарда жұмыс істейтін медицина қызметкерлері арасында жиі кездеседі.



- **Патогенезі.** Инфекцияның негізгі кіру қақпасы – тыныс алу жүйесінің әртүрлі бөлімдері. Біріншілік зақымдалуда өкпе мен респираторлы жүйе бөлімдерінің эпителиалды клеткалары зақымдалады. Қоздырғыш эпителийде көбейіп қанға түседі де, қан ағысымен әртүрлі ағзаларға және жүйелерге тарайды. Көбінесе өкпе, бүйрек, бауыр зақымдалады.



Клиникалық көрінісі.

- Инкубациялық кезең – 2-10 күн, орташа 4-7 күн. Әлсіздік, бас ауруы, диарея байқалады. Ауру жедел басталғанда дене температурасы 39-400С, интоксикация белгілері көрінеді. Науқастар қалтырау, буындарында және бұлшықетте ауырсыну, қатты терлеу, адинамия, галлюцинация, сандырақтау, естен тану, т.б. шағымданады. Бұл ауру ауыр пневмония сияқты өтеді, ағымы өте ауыр. Клиникалық 3 формасын ажыратады:
- Ауыр пневмониямен өтетін
- Жедел респираторлы ауру, пневмониясыз (Понтиак қызбасы)
- Жедел қызба экзантемамен (Форт-Брагг қызбасы)



- **Лабораторлы диагностикасы.** Гемограммада лейкоцитоз, солға жылжу, ЭТЖ жоғарылайды. Бактериологиялық әдіс қолданылады. Қоздырғышты қаннан, қақырықтан, плевральды сұйықтықтан бөліп алады. Легионелла антигенін ИФа және РНФ әдістерімен анықтайды. Антиденелер РННФ әдісімен анықталады. Дифференциалды диагностикасы стафилококкты және пневмококкты пневмониямен, орнитоз, Ку қызбасы, микоплазмоз, т. б. өкпе зақымдалуымен жүретін аурулармен жүргізіледі.


Терапиясы

- **Этиотропты ем**
- Этиотропты ем – макролидтер тағайындалады. Эритромицин пероралды 2-4 г/тәулігіне, ауыр жағдайда көктамырға енгізеді. Римфампицин 0,6-1,2 г/тәулігіне тағайындалады. Ем курсы 2-3 апта.
- **Патогенетикалық ем**
- Патогенетикалық ем – интоксикациямен, қан ағу, тыныс алу және бүйрек жетіспеушілігімен күресу, оксигенотерапия.



Профилактикасы

- Жалпы қолданылатын су сапасын бақылау, су жүйесіндегі қоздырғыштың элиминациясы мен концентрациясын төмендету, дезинфекция (термиялық, химиялық) жүргізу.



Дереккөздер:

- <http://www.krasotaimedicina.ru/diseases/infectious/legionellosis>
- <http://www.adventus.info/medicine/infect/020.php>
- <http://medkarta.com/?cat=article&id=19089>
- <http://www.infectology.ru/nosology/infectious/bacteriosis/legionellosis.aspx>
- <http://www.eurolab.ua/diseases/76>

**Назарларыңызға
рахмет!!!**